ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2025 жылғы 23 қаңтар №7119-24-00-2/16443/16563 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында: төрағалық етуші судья Г.М.Баткалова,
сот отырысының хатшысы А.М.Курмашеваның отыруында, ашық сот отырысында аудио-бейне жазба құрылғысын және «WhatsApp» қосымшасын пайдалана отырып, электронды азаматтық істі қарады:

ТАЛАПКЕР:
Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің «47558 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Арафат» атынан - Жәмбетова Айнұр Темірбекқызы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

БІРІКТІРІЛГЕН ТАЛАП БОЙЫНША ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Жеке кәсіпкер «Арафат» атынан - Жәмбетова Айнұр Темірбекқызы

БІРІКТІРІЛГЕН ТАЛАП БОЙЫНША ЖАУАПКЕР:
Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің «47558 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі

БІРІКТІРІЛГЕН ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
тауарды қабылдауға міндеттеу және шартты біржақты бұзуды заңсыз деп тану туралы

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

Құжатқа қол қойылған: Баткалова Г.М., 30.01.2025

7119-24-3-1/15902

АПК-нің 223-226 басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің «47558 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің жеке кәсіпкер «Арафат» атынан - Жәмбетова Айнұр Темірбекқызына қойған мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы - ішінара қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Арафат» атынан - Жәмбетова Айнұр Темірбекқызы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Арафат» атынан - Жәмбетова Айнұр Темірбекқызынан мемлекет кірісіне 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жеке кәсіпкер «Арафат» атынан - Жәмбетова Айнұр Темірбекқызынан мемлекет кірісіне 386 355 (үш жүз сексен алты мың үш жүз елу бес) теңге мөлшерінде тұрақсыздығы айыбын және 11 591 (он бір мың бес жүз тоқсан бір) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жеке кәсіпкер «Арафат» атынан - Жәмбетова Айнұр Темірбекқызының Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің «47558 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесіне қойған тауарды қабылдауға міндеттеу және шартты біржақты бұзуды заңсыз деп тану туралы қарсы талап қоюы – қанағаттандырудан бас тартылсын.

Шешімге тараптар және прокурор Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, наразылық беруі мүмкін.

Судья **Г.М.Баткалова**

Құжатқа қол қойылған: Баткалова Г.М., 30.01.2025

7119-24-3-1/15902